

2016 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 8 ақпандағы № 66 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 ақпанда № 3586 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 180 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 29.04.2016 № 180.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес, Ордабасы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты болады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.Сәдірмекке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Сапарбаев

Ордабасы ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "8" ақпандағы
№ 66 қаулысымен бекітілген

2016 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері

№ р/с	Ұйымдардың атауы	Жұмыс түрлері	Адам саны	Қоғамдық жұмыстардың көлемі	Қаржыландыру көзі
1	"Бадам ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту	45	40000 шаршы метр	Аудандық бюджет
2	"Бөген ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту	21	30000 шаршы метр	Аудандық бюджет
3	"Бөржар ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту	28	35000 шаршы метр	Аудандық бюджет
4	"Жеңіс ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту	14	16000 шаршы метр	Аудандық бюджет
5	"Қажымұхан ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасау, факс жіберу, мәтіндерді теру және шығару, хаттарды жеткізу	28	500 бет, 250 хат	Аудандық бюджет
6	"Қараспан ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту	45	40000 шаршы метр	Аудандық бюджет
7	"Қарақұм ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту	21	30000 шаршы метр	Аудандық бюджет
8	"Төрткөл ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту	45	40000 шаршы метр	Аудандық бюджет
9	"Шұбар ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту	28	35000 шаршы метр	Аудандық бюджет
10	"Шұбарсу ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту	54	48000 шаршы метр	Аудандық бюджет
11	Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданының Прокуратурасы	Іс-қағаздарды жүргізу, бағалы қағаздарды, бандерольдерді, пошталарды жеткізу, компьютерде мәтіндерді теру және шығару	10	3 8 0 0 іс-құжат	Аудандық бюджет
12	Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық соты	Кеңсе хатшысына кіріс және шығыс құжаттарды тіркеуге көмек көрсету	10	2000 хат	Аудандық бюджет
13	Ордабасы аудандық ішкі істер бөлімі " мемлекеттік мекемесі	Қоғамдық тәртіпті сақтауға көмек көрсету	126	10 ауыл округі	Аудандық бюджет
	Ордабасы ауданы әкімдігінің "	Аудан орталығының көшелерін		145 000	

14	Темірлан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	және аумағын қоқыстардан тазалау, автокөлікке арту	84	шаршы метр	Аудандық бюджет
15	"Ордабасы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Мұрағат құжаттарын өңдеуге көмек көрсету, құжаттарды тігу	15	2 6 0 0 іс-құжат	Аудандық бюджет
16	"Ордабасы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Мұрағат құжаттарын өңдеуге көмек көрсету, құжаттарды тігу	16	4 2 0 0 іс-құжат	Аудандық бюджет
17	Ордабасы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Ордабасы ауданының жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасау, мәтіндерді теру және шығару, хаттарды жеткізу, мұрағат құжаттарын өңдеуге көмек көрсету, құжаттарды тігу	10	450 бет, 150 хат, 2000 іс-құжат	Аудандық бюджет
Барлығы			600		

Ескертпе: Қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК